

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

## Литература:

1. Официальный сайт АО «КазАгроПродукт» [Электронный ресурс] /Режим доступа: <http://www.kazagro.kz/web/ka-onim/about> (10 марта 2016)
2. Официальный сайт Агентства по статистике Республики Казахстан [Электронный ресурс] /Режим доступа: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). (16 марта 2016)
3. Данные аналитической службы Рейтингового Агентства РФЦА: Анализ отрасли животноводства, - гл. аналитик: Филатова О.А., г.Алматы, 2014г.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2013 года № 151 - Программы по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013 - 2020 годы "Агробизнес-2020".

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ САЛАСЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ СТРАТЕГИЯ

*Учкампирова А.Б., Бабанов Ж., Жеткіншек А.,  
Тулегенова Д., Абилханов А.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [astana\\_e-11@mail.ru](mailto:astana_e-11@mail.ru)

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында: «Біз әділ бәсекелестік орта қалыптастыру мен экономикалық ойыншылардың бәріне бірдей жағдай туғызу жөніндегі жұмысты тиянақтауға тиістіміз» [1], – деп айтқандай, нарық жағдайында кәсіпорынның өміршеңдігінің кепілі мен жай-күйін орнықтылығының негізі оның өзінің қаржы ресурстарын тиімді қалыптас-тыра білуінде және орынды пайдалана білуінде болып табылады. Яғни ақша қаражатын еркін орын алмастыра отырып қолданып, тиімді пайдалану жолымен өнімді өндіру мен өткізудің үздіксіз процесін қамтамасыз ете алатындай етіп өзінің қаржы ресурстарын үйлесімді басқаруды білдіреді [2].

Кәсіпорынның қаржы ресурстарын пайдалану – бұл белгілі бір нәтижеге жету үшін қаржылардың түрлеріне әсер ететін мақсатты бағытталған әдістер, операциялар, рычагтар мен тәсілдердің жиынтығы. Кәсіпорынның қаржы ресурстары – бұл қаржылық міндеттемелерді орындауға және кеңейтілген өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды жүзеге асыруға бағытталған кірістер және сыртқы түсімдер нысанындағы ақшалай қаражаттардың бір бөлігі [3].

«ҚазМұнайГаз» Акционерлік қоғамы көмірсутектері шикізатын барлау, өңдеу, өндіру, қайта өңдеу және экспорттаумен айналысады. Компанияның тікелей негізгі акционері мемлекеттің мүдделерін Қазақстанның мұнай газ өнеркәсібінде ұсынатын және 2015 жылы желтоқсанның 31 күні жағдайы бойынша Компанияның айналыстағы 56,77% акциясын иеленетін «Ұлттық Компания «ҚазМұнайГаз» АҚ (ҚМГ ҰК) болып табылады. 2015 жылдың маусым айынан «Самрұқ» мемлекеттік активтерді басқару бойынша Қазақстандық холдинг» АҚ «Ұлттық Компания «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның 100% акциясын иеленеді. Өз кезегіне, «Самрұқ» мемлекеттік активтерді басқару бойынша Қазақстандық холдинг» АҚ-ның 100% акциясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылады [3].

Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны дегеніміз – заңмен және басқа да құқықтық нысанмен қарастырылған, шығаратын өнім көлемі мен ассортименті, оның капиталының қалыптасуы, қызметінің сипаты мен мазмұнына тәуелді болғандықтан және әртүрлі фирмааралық одақтарға кіру тәсілі мен бәсеке күресін жүргізу әдісіне байланысты жіктелуі. Кәсіпорын өз қызметін «ӨзенМұнайГаз» (ӨМГ) және «ЭмбаМұнайГаз» (ЭМГ) өндірістік бөлімдері арқылы іске асырады. Кәсіпорын мұнай және газ кенішін өндіреді.

*Стратегиялық мақсаттары \**

2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚМГ-ның 2012-2022 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес .

ҚМГ-ның ұзақмерзімді стратегиясы ҚМГ қызметінің негізгі түрлері бойынша дамыту бағыттарын айқындайды, ҚМГ-ның стратегиялық тұрақтылығын және ҚМГ экономикалық тиімділік көрсеткіштерін жоғарылатуды қарастыратын 2012 жылдан 2022 жылға дейінгі сандық және сапалық көрсеткіштерді белгілейді [4].

ҚМГ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және олармен байланысты міндеттерді шешу Қазақстан Республикасы үшін ұлттық мұнайгаз саласын дамытуға қатысудан барынша пайда табуды қамтамасыз етеді. ҚМГ-ның 2012 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде ұзақмерзімді стратегиясының мақсаты мен міндеттері:

*Мұнай мен газды барлау және өндіру секторында:*

1. Мұнай мен газды өндіруді жылына 35,4 млн тоннаға дейін және жылына 1,5 млрд м3 дейін өсіру;

2. Мұнай мен газ конденсатының қорын 1,4 млрд тоннаға дейін өсіру;

3. Бұрғыланған барлау ұңғымаларынан геологиялық барлау жұмыстарының табыстылығын 25% жоғары ұлғайту;

4. Тиісті инфрақұрылымды салу.

*Мұнай мен газды тасымалдау секторында:*

1. Экспортты мұнай өткізу жүйелерінің өткізу қабілетін жылына 101 млн тоннаға дейін арттыру;

2. Ұлттық сауда флотын кезең кезеңімен дамыту (Қазақстанда, сондай-ақ шетелде) – жылына 13 млн тонн мұнай;

3. Газды тасымалдауды жылына 121 млрд м3 дейін арттыру;

4. Магистральды және өңірлік газкөлік жүйелерін жаңарту және дамыту.

*Мемлекеттік субсидиялар және кепілдер*

Компания 2014 жылы мемлекеттік субсидиялар, кепілдер және/немесе соған ұқсас қаржымен қамтамасыз ету құралдары бойынша ешқандай міндеттемелерді пайдаланған жоқ, алған жоқ және қолданған жоқ.

*Қазақстанның мұнайгаз саласы туралы қысқаша мәліметтер мен ҚМГ-ның ағымдағы жағдайы*

Қазақстан Республикасы әлем экономикасы үшін көмірсутекті шикізаттың негізгі көзінің бірі болып табылады. 2014 жылы Қазақстан әлемде мұнай мен газ конденсатының дәлелденген қор көлемі бойынша 12 орынды иеленді.

Акционерлік қоғамының негізгі қызметін бейнелейтін техникалық экономикалық көрсеткіштері 1 – кесте мәліметтері бойынша бірдей көрсеткішке 2014 жылға 102 % құрап, Компания 9,53 миллион тонна мұнай өндіріп, 2015 жылға белгіленген өндірістік көрсеткіштерді орындауға жетті. Барлық өндірілген мұнайдың 6,73 млн. тоннасы ӨМГ-де өндірілсе, 2,8 млн. тоннасы ЭМГ-де өндірілген.

#### Кесте 1

«ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамының негізгі қызметін бейнелейтін техникалық экономикалық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2013ж	2014ж	2015ж	өзгерісі(+/-)	
				2013/2014	2014/2015
1. Мұнай өндіру көлемі, млн. тонна	8,35	9,34	9,53	0,99	0,19
2. Мұнай өткізу көлемі, мың тонна	9.15	9.222	9.290	0.072	0.0068
3. Өнімді өткізуден түскен табыс, мың теңге	237103218	348887820	412207787	111784602	163319967
4. Өткізілген өнімнің өзіндік құны, мың теңге	162276362	207033927	194530080	44757565	-12503847
5. Жалпы табыс, мың	71390026	142948461	217234038	71558435	74285577

теңге					
6. Кезең шығындары, мың теңге	162276362	207033927	194530080	44757565	-12503847
7. Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың теңге	257958200	243131834	259333372	1375172	16201538
8. Айналым қорларының орташа жылдық құны, мың теңге	90834254	130623355	358113815	349030361	227490460
9. Еңбекақы қоры, мың теңге	36914123	37116032	37512548	201909	396516
10. 1 тонна мұнайды өткізу бағасы, теңге	28395595	37182	43428	28358412,97	6246
11. 1 тонна мұнайдың өзіндік құны, теңге	177351,2	22450,003	20939,73	-154901	-1510,3
12. Таза табыс, мың теңге	13464587	45276952	122561217	109096630	77284265
13. Негізгі қызметтен табыстылық, %	30,10926068	40,972614	52,70012961	10,8634	11,7275
14. Өткізілген өнімнің табыстылығы, %	43,99286817	69,045911	111,6711811	25,053	42,6253

Ескертпе – 2013-2015 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» АҚ қаржылық есептемесінен алынды.

Рентабельділік көрсеткіштерінің деңгейі мен динамикасына барлық өндірістік-шаруашылық факторлардың жиынтығы әсер етеді: басқару және өндірісті ұйымдастырудың деңгейі; капитал және оның көздерінің құрылымы; өндірістік ресурстарды қолдану дәрежесі; өнім көлемі, сапасы және құрылымы; өнімдердің өндірісіне шығындар және өзіндік құны; қызмет түрлері бойынша пайда [4].

Рентабельділік көрсеткіштерін факторлық талдау әдістемесі көрсеткішті есептеудің бастапқы формуласын өндіріс белсенділігі мен шаруашылық қызмет тиімділігін жоғарылатудың сапалы және сандық сипаттамасын бөлуді қарастырады.

Мысалы, жалпы рентабельділікті (өндірістік қорлар рентабельділік) талдау үшін үш немесе бес факторлық модельді қолдануға болады..

Барлық қолданылатын модельдер негізінде келесі қатынас жатыр:

$$R = \frac{P}{K} = \frac{P}{F + E} = \frac{\frac{P}{N}}{\frac{F}{N} + \frac{E}{N}} = \frac{1 - \frac{S}{N}}{\frac{F}{N} + \frac{E}{N}} = \frac{1 - (\frac{U}{N} + \frac{M}{N} + \frac{A}{N})}{\frac{F}{A} + \frac{A}{N} + \frac{E}{N}}, \quad (1)$$

мұндағы  $\frac{U}{N}$  - өнімнің еңбекақы сыйымдылығы;

$\frac{M}{N}$  - өнімнің материал сыйымдылығы;

$\frac{A}{N}$  - өнімнің амортизациялық сыйымдылығы;

$\frac{F}{N}$  - негізгі өндірістік қорлар бойынша өнімнің қор сыйымдылығы;

$\frac{E}{N}$  - айналым қаражаттары бойынша өнімнің қор сыйымдылығы (айналым

қаражаттарының бекіту коэффициенті);

P – баланстық пайда;

F – негізгі қорлар жылдық орташа құны;  
 E – материалдық айналым қаражаттарының орташа қалдықтары;  
 R - өнім рентабельділігі;  
 $\frac{S}{N}$  - толық өзіндік құн бойынша 1 теңге өнімге шығындар.

Өнім табыстылығы қаншалықты жоғары; негізгі қорлардың қор қайтарымдылығы және айналым қаражаттар айналымының жылдамдығы қаншалықты жоғары болса; 1 теңге өнімге шығындар және экономикалық элементтер (еңбек құралдары, материалдар, еңбек) бойынша шығындар қаншалықты төмен болса, қорлар рентабельділігі соншалықты жоғары болады. Рентабельділік деңгейіне жеке факторлардың әсер етуіне сандық баға беру тізбекті қойылым әдісі немесе факторлық әсер етуге баға берудің интегралдық әдісі бойынша анықталады [4].

Рентабельділікті анықтаудың үш факторлық моделі

$$R = \frac{\frac{P}{N}}{\frac{F}{N} + \frac{E}{N}} = \frac{\lambda_P}{\lambda_F + \lambda_E}, \quad (2)$$

мұндағы  $\lambda_P$  - өнім табыстылығы

$$\lambda_P = \frac{P}{N};$$

$\lambda_F$  - өнімнің қор сыйымдылығы

$$\lambda_F = \frac{F}{N};$$

$\lambda_E$  – айналым қаражаттарының айналымдылығы

$$\lambda_E = \frac{E}{N}.$$

Рентабельділікті талдау «ҚазМұнайГаз» АҚ-да жүргіземіз.

2014 жылы:

$$R_{2008} = \frac{\frac{141853893 \text{мын.тенге}}{348887820 \text{мын.тенге}}}{\frac{243131834 \text{мын.тенге}}{348887820 \text{мын.тенге}} + \frac{130623355 \text{мын.тенге}}{348887820 \text{мын.тенге}}} = \frac{0,4066}{0,6969 + 0,3743} = 0,3795 \text{ бірлік} = 37,95\%$$

2015 жылы:

$$R_{2009} = \frac{\frac{217677707 \text{мын.тенге}}{412207787 \text{мын.тенге}}}{\frac{259333372 \text{мын.тенге}}{412207787 \text{мын.тенге}} + \frac{358113845 \text{мын.тенге}}{412207787 \text{мын.тенге}}} = \frac{0,5281}{0,6291 + 0,8687} = 0,3525 \text{ бірлік} = 35,25\%$$

## «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның болжамды балансы (мың теңге)

Актив	2015 ж. балансы	Болжамды баланс	
		Есептелуі	2010 ж. болжамды
1. Ағымдағы активтер	358113845	358113845*1,326	474858958,5
2. Ұзақ мерзімді активтер	376823544	376823544*1,326	499668019,3
<b>Баланс <math>\Sigma 1</math></b>	734937389	734937389*1,326	974526977,8
<b>Пассив</b>			
1. Қысқа мерзімді міндеттемелер	108335612	108335612*1,326	143653021,5
2. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	100843962	өзгеріссіз	100843962
3. Жарғылық капитал	259276481	өзгеріссіз	259276481
4. Бөлінбеген табыс	266383385	266383385+546587526*0,297-546587526*0,297*0,232	391057813,2
5. Басқа меншікті капитал	97949	өзгеріссіз	97949
<b>Баланс <math>\Sigma 2</math></b>	734937389	пассив баптарының қосындысы	894929226,7

Ескертпе: «ҚазМұнайГаз» АҚ 2015 ж. қаржылық есептемені пайдаланып, құрастырылған.

Сыртқы қаржыландыру қажеттілігі = 974526978мың теңге – 894929227 мың

Екінші модификация, яғни «формула әдісі» бойынша сыртқы қаржыландыру қажеттілігін есептейміз:

$$CQ = 734937389 \text{ мың теңге} \times 0,326 - 108335612 \text{ мың теңге} \times 0,326 - 546587526 \text{ мың теңге} \times 0,297 \times (1 - 0,232) = 79597751 \text{ мың теңге.}$$

Сонымен, болжамданылған сату көлемін қамтамасыз ету үшін 116745113(47488958,5 мың теңге – 358113845 мың теңге) мың теңге сомасында капитал салымы қажет етіледі. Айналым активтерінің қажетті өсімі 12284475 мың теңге (499668019 мың теңге – 376823544 мың теңге) құру қажет. Қысқа мерзімді міндеттемелер өсімі: 35317409 мың теңге (143653021,5 мың теңге – 108335612 мың теңге) және бөлінбеген табыс: 142674428 мың теңге (391057813 мың теңге – 266383385 мың теңге) 239589589 мың теңге (116745113 мың теңге + 12284475 мың теңге) сома көлемінде ұзақ және қысқа мерзімді қаржылық қажеттіліктердің өсімін өтей алмайды. 79597751 мың теңге (239589589 мың теңге - 35317409 мың теңге - 142674428 мың теңге) сомасында дефицит орын алады.

Нәтижелер үш рет бірдей болды. Кәсіпорын қаржыгерлері 79597751 мың теңге меншікті немесе қарыз қаражаттарын табу тиіс. Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын құру, оның ішінде болжамды баланс жасау кәсіпорынның болашақтағы жағдайын шамамен көрінісін ұсынуға мүмкіндік береді. Қаржылық стратегия кәсіпорынның нақты мақсаттарын анықтап, оларға байланысты міндеттер қалыптасады.

Қаржылық стратегияның нақты міндеттері төмендегідей болып келеді:

- табысты жоғарылату;
- инвесторларды тарту;
- компанияның қаржылық тұрақтылығын қамт ету;
- оны басқару жүйесін жетілдіру.

Компанияны стратегиялық қаржылық басқарудың негізі стратегиялық қаржылық жоспарлау болып табылады. Оның шегінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдіру, табыстылық өсімін, басқа қаржылық көрсеткіштердің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық даму жолдарының анықтау және нақтылау жүргізіледі [5].

Жоғарыда аталған барлық қадамдарды орындай отырып, кәсіпорында дұрыс жасалған қаржылық стратегия кәсіпорынның ақшалай қаражаттармен еркін маневр жасауға, төлемдерді өз уақытылы жүргізуге және өндірісті кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Алайда, бұл тұрақтылық оптималды болуы тиіс, өйткені қаржылық ресурстардың артықшылығы қаражаттардың тұрып қалуын білдіреді, ал жетіспеушілігі кәсіпорынның дамуына кедергі жасайды.

#### Әдебиеттер:

1. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ/Қор қызметі/ Қол жетімді баспана 2020/<http://www.fnsk.kz/?l=kaz&p=page&i=21>.
2. <http://finance.nur.kz> ақпараттық порталы.
3. <http://www.dknews.kz> ақпараттық порталы.
4. <http://www.nomad.su> ақпараттық порталы.
5. <http://www.kecic.kz> ақпараттық порталы.

### ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ

*Кулмаганбетова А.С., Абдолла Ж.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [kulmaganbetova\\_as@enu.kz](mailto:kulmaganbetova_as@enu.kz), [jazi2307@mail.ru](mailto:jazi2307@mail.ru)

Соңғы жылдары әлеуметтік кәсіпкерлік идеясы кеңінен талқыланып, өзінің маңыздылығын нығайта түсуде. Бұл пайда алу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік проблемаларды шешу немесе олардың жағымсыз әсерлерін азайту міндетін шешуде аса маңызды құрал болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – экономиканың таяуда ғана пайда болған секторы. Аталмыш саланың негізгі анықтамасы төңірегіндегі даулар әлі күнге дейін тыншымай отыр. Әлеуметтік кәсіпкерлікті не коммерциялық, не коммерциялық емес салаға жатқызуға тырысуда. Алайда Ұлттық палата сарапшылары әлеуметтік кәсіпкерлік профиттік және нон-профиттік секторлар элементіне ие бола отырып, өзінің жеке заңдарымен тіршілік етіп, дамып жатқанын пайымдайды [3].

Бизнестің мақсаты табыс көру екені жалпыға белгілі. Ол нарық қатысушыларының мінез-құлық түрткісі мен логикасын айқындап береді.

Алайда коммерциялық емес сектордың негізгі міндеті – бұл барынша жоғары әлеуметтік әсерге қол жеткізу, қоғамдық маңызды түйткілдерді шешу. Сәйкесінше, бұл ортадағы жүріс-тұрыс логикасы, шешім қабылдау механизмі, табыстылық критерийлері және басқалары белгіленген түрткіге сәйкес құрылады.

Коммерциялық саладан да, комерциялық емес саладан да бөлек жатқан жаңа кеңістікте де орын алып отырғаны осы. Профиттік және нон-профиттік секторларда әрекет етуші тұлғалар осы жерден табылады, бірақ олардың өз мақсаттары, құндылықтар жүйесі, өзара байланыс, жүріс-тұрыс логикасы мен мотивациясы бар. Қоғамдық пайда мен қоғамдық маңызды түйткілдерді шешуге бағытталған өзіндік қарым-қатынас жүйесі бар. Әлеуметтік кәсіпкерлік – дәл осы ортаның өнімі.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» дегеніміз не? «Әлеуметтік» терминіне анықтама беру салыстырмалы түрде оңай. Бірақ, әрине, тұлғаның ба, әлде қоғамның мүддесі маңыздырақ па, не болмаса, экономиканың дамуы ма, әлде қоғамның басқа қажеттіліктері артық па, деп дауласуға болады, - алайда жалпы «әлеуметтік» ұғымының мағынасына қатысты айтарлықтай келіспеушіліктер жоқ. «Кәсіпкерлік» ұғымының жалпыға белгілі анықтамасын табу басқа дүние.

Кәсіпкерлікке әлемдік тәжірибеде көпшілік мақұлдаған анықтаманы табу біршама қиын болғандықтан, - кәсіпкерліктің өзі де – көп қырлы күрделендірілген процесс, -